# ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІНІҢ ЕМЛЕСІ

**Лектор: Пашан Дана Мұсабекқызы**
**А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының аға ғылыми қызметкері, ф.ғ.к.**

Латын графикасына негізделген қазақ тілі
ӘЛІПБИІ

| № | Жазылуы | Дыбысталуы | | № | Жазылуы | Дыбысталуы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | A a | [а] | | 17 | Ń ń | [ң] |
| 2 | Á á | [ә] | | 18 | O o | [о] |
| 3 | B b | [б] | | 19 | Ó ó | [ө] |
| 4 | D d | [д] | | 20 | P p | [п] |
| 5 | E e | [е] | | 21 | Q q | [қ] |
| 6 | F f | [ф] | | 22 | R r | [р] |
| 7 | G g | [г] | | 23 | S s | [с] |
| 8 | Ǵ ǵ | [ғ] | | 24 | T t | [т] |
| 9 | H h | [х], [һ] | | 25 | U u | [ұ] |
| 10 | I i | [і] | | 26 | Ú ú | [ү] |
| 11 | I ı | [и], [й] | | 27 | V v | [в] |
| 12 | J j | [ж] | | 28 | Y y | [ы] |
| 13 | K k | [к] | | 29 | Ý ý | [у] |
| 14 | L l | [л] | | 30 | Z z | [з] |
| 15 | M m | [м] | | 31 | Sh sh | [ш] |
| 16 | N n | [н] | | 32 | Ch ch | [ч] |

- ю
- ё
- ь
- я
- ц
- ъ
- щ
- э

# Қайсы әріптер жоқ?




**Екі әріпті бір таңбамен беріп отырмыз**




**Екі әріпті бір таңбамен беріп отырмыз**

# Емле мазмұны қандай?

1. *Әріптердің емлесі*
2. *Түбір сөздердің емлесі.*
3. *Бөлек жазылатын сөздердің емлесі*
4. *Бірге жазылатын сөздердің емлесі*
5. *Дефиспен жазылатын  сөздердің  емлесі*
6. *Бас әріптің емлесі.*
7. *Қысқарған сөздердің емлесі*
8. *Кейбір кирилл әріптері мен шеттілдік сөздердің емлесі*
9. *Сөздердің тасымалдануы*

# Дауысты дыбыстарды таңбалайтын әріптер (9):

***a, á, e, i, o, ó, u, ú, y.***

Дауыссыз дыбыстарды таңбалайтын әріптер (23):

***b, d, f, g, ǵ, h, ı, j, k, l, m, n, ń, p, q, r, s, t, v, ý, z, sh, ch.***

**Дауыссыз дыбыс**

- төл сөздерде:

***aı, úı, oıshyl, sáýkele, demeýshi, qaýyn***

**Дауысты дыбыс**

- шеттілдік сөздерде:

***ınstıtýt, kıno, fýtbol***

## *ı, ý* әріптерінің емлесі

# Қысқарған сөздердің емлесі

- Күрделі атаулар бас әріппен жазылады: ***AQ (Aksıonerlik qoǵam);AQ-nyń;TMD-ǵa***.
- Халықаралық атаулары өзгермейді: ***UNESCO, NATO. UNESCO-nyń; NATO-ǵa.***
- Күрделі атаулардың құрамы: ***QazUÝ (Qazaq ulttyq ýnıversıteti); Euroodaq.***

# Кирилл әріптері мен шеттілдік сөздердің емлесі

- ё әрпі **ó** әрпімен таңбаланады: ***aktór (-diń, -ge, -ler), amóba (-nyń, -lar), dırijór (-diń, -ge, -ler)***

- ***ц*** әрпі және ***сц*** әріп тіркесі ***s*** әрпі арқылы жазылады:

***sırk, sıfr, sırkýl;***

***medısına, abzas, konstıtýsıa, seh;***

***senarı, abses, plebısıt.***

- *Е с к е р т у.* Қатар келген ц әрпі ts тіркесі арқылы таңбаланады: ***pıtsa, Nıtsa.***

- ***-тч*** дыбыстар тіркесімен аяқталатын сөздердегі ***т*** әрпі түсіріліп жазылады:

***skoch, skech, mach.***

- ***щ*** әрпі төл сөздерде ***shsh*** әріп тіркесімен, ал шеттілдік сөздерде ***sh*** әрпімен таңбаланады:

***ashshy - ащы, tushshy-тұщы, keshshe- кеще;***

*Кірме сөздерде:*

***ýchılıshe, praporshık.***

- ***э*** әрпі ***е*** әрпімен жазылады: ***element, elevator, epopeıa, poetıka, koefisent.***

*Е с к е р т у.* – ***оэ*** аяқталатын сөзде ***э*** әрпінің орнына ***ı*** жазылады: ***aloı -алоэ, kanoı-каное.***

***ю*** әрпі ***ıý*** әріп тіркесімен:

***aıý, oıý; Iýpiter, Iýrmala; kaıýta,***

ал дауыссыз дыбыс пен **(ь)** кейін

***ú*** әрпімен таңбаланады:

***parashút, absalút, glúkoza,***

***búdjet, sújet, kompúter.***

*Е с к е р т у.* ***и (ı)*** әрпінен кейін тұрған

***ю*** орнына ***ý***, жазылады: ***qıý, kıý, dıý.***

***я*** әрпі ***ıa*** әріп тіркесі арқылы:

***ıaǵnı, qoıan; Ialta; soıa, ıdeıa;***

ал дауыссыз дыбыстан кейін ***á*** арқылы:

***akýmýlátor, mýláj, zarád, kalkýlátor***

*Е с к е р т у.* ***и (ı)*** әрпінен кейін тұрған ***я***-ның орнына ***а*** жазылады:

***qıar, sıa, Túrkıa, jarıa.***

Жіңішкелік белгісі **(ь)** бар буынға жіңішке дауыстылардың әрпі жазылады:

***paról, asfált, púlt, koról, gólf, álbom***

*Е с к е р т у.* Мына сөздерде жіңішкелік белгісі ескерілмейді: ***bron, monastyr***

Жіңішкелік белгісімен **(ь)** келген буын құрамында ***e, ı*** әріптері бар сөздерде жіңішкелік белгісі ескерілмейді: ***akvarel, stil, lager, film***

*Е с к е р т у.* Ономастикалық атаулар мен мағынасына нұқсан келетін сөздерде жіңішкелік белгісінің **(ь)** орнына ***ı*** әрпі жазылады:

***Pıer; pıesa.***

*дж* әріп тіркесі бар сөздерде *д* әрпі түсіріліп:

***menejer, jınsy, jentilmen.***

*Е с к е р т у. -дж* әріп тіркесінің арасынан буын жігі өтетін және сөз мағынасы өзгеретін жағдайда *d* әрпі сақталып жазылады:

***búdjet, lodjy.***

- Сөз соңындағы қайталанған қосар әріптің біреуі түсіріледі: ***klas, hol, gram, berıl.***

Сөз ортасындағы қайталама ***сс, мм, лл, тт, фф, нн, бб, рр, пп, гг, дд, кк, уу*** дыбыстарын білдіретін әріптердің бірі түсіріліп жазылады:

***patıson, komısar, resor, profesor, prosesor***

*Е с к е р т у.* Сөз мағынасы өзгеретін жағдайда ***сс, мм, лл, тт, нн, бб, рр, пп, дд, кк*** әріптері сақталып жазылады: ***esse, massa***

***-ий***-мен аяқталған сөздердің соңында бір ғана ***ı*** әрпі жазылады: ***kalı, alúmını, natrı, kafeterı***

- Сөз аяғындағы ***-ст, -сть, -зд*** әріп тіркесінің соңғылары түсіріліп жазылады, қосымшалар үндестік заңына сәйкес жалғанады:

***jýrnalıs komýnıs, manıfes, vedomos***

Сөз соңындағы ***-нг*** әріп тіркесі ***ń*** әрпімен жазылады, қосымшалар үндестік заңына сәйкес жалғанады:

***parkıń (-niń, -ge, -i, -der),***

***boýlıń (-niń, -ge, -i, -der),***

***reıtıń (-niń, -ge, -i, -der).***

- Ағылшын тіліндегі түпнұсқасында w әрпімен басталатын кейбір сөздер ý әрпімен жазылады:

***ýatsap, ýıkı, ýıkıpedıa, ýeb-saıt.***

# Сөздердің тасымалдануы

- Сөз ішінде үш дауыссыз дыбыс қатар келгенде сөздің түбірі сақталып тасымалданады:

***kúńgirt-teý*** **(*kúńgir-tteý* емес),** ***jańǵyrt-ty*** **(*jańǵy-rtty*)**

- Біріккен және кіріккен сөздер буын жігімен тасымалданады:

***de-malys, dema-lys*** **(*dem-alys* емес);**

***kó-goraı, kógo-raı*** **(*kóg-oraı* емес).**

- Бір буынды сөздер тасымалданбайды: ***aı, kún, vólt***
- Сөздің жеке әрпі келесі жолға тасымалданбайды:

***ara*** **(*a-ra, ar-a* емес),**

- Бас әріптен қысқарған сөздерді тасымалдауға болмайды.
- Кісі есімінің қысқартылған әрпі мен кісінің тегі тасымалданбайды: ***A.Baıtursynuly, B.Momyshuly***
- Цифрлар мен өлшем бірлік атаулары тасымалданбайды:

***50 sm*** **(*50-sm* емес),** ***50%*** **(*50-%* емес).**

**+7 707 235 06 45**

**pashan_dan@mail.ru**